



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЕЛІМІЗДЕГІ ӨңІРЛІК КЕДЕЙШІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Әмзе Әйгерім Болатбекқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Капин Батина

Кедейшілік қай қоғамның болмасын экономикалық дамуының нәтижесінде қалыптасатын жағдай. Кедейшілік ол өте күрделі, көпфакторлы, тарихи қалыптасқан түсінік. Кез-келген мемлекеттің әлеуметтік дамуы, іске асырылатын экономикалық даму үлгісіне тәуелсіз, белгілі бір себептерге қарай (экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, физикалық, психологиялық және т.б.) қоғамнан тысқары қалған халық арасындағы топтардың тұрмыс деңгейі бойынша сарапталады, оған қоғамда қабылданған тіршілік стандарттарын (тамақ ішуге, киінуге, бос уақыт өткізуге ж.т.б.) тіпті ең төменгі деңгейде ұстауға шамалары келмейтіндер де жатады. Ондай адамдарды кедей деп атайды.

Кедейлік – адам мен отбасының өмір сүруінің барлық қырларын қамтитын әлеуметтік құбылыс. Бұл тұрғыдан алғанда, кедейлік адамның не әлеуметтік топтың қоғамдағы белгілі бір құндылықтарға қол жеткізе алмауынан, ресми және бейресми сипаттағы шектеулерден көрінеді. Кедейлік сонымен қатар, адамның интеллектуалдық, мәдени дамуымен, оның кедейлік туралы субъективтік түсініктерімен анықталады/1/.

Бүгінгі таңда әдебиеттерден кедейшіліктің көптеген анықтамасын кездестіреміз. Олардың алуан түрлілігі оның әр қайсысы осы кедейшілік жағдайының шығу себептерін анықтауда түрлі дәлелдемлерге сүйене отырып беріледі. Яғни, қазіргі кезде кедейшілік туралы нақты бір қалыптасқан анықтама жоқ десек те болады. Соның ішінде Тарих және Философия ғылымдарының докторы Е.Н.Холостованың кедейшілікке берген анықтамасына тоқталар болсам:

Кедейшілік – бұл төмен немесе өте төмен табыс деңгейі, осы қоғамға сай адам өзінің бірінші ретті физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы.

Кедейшілік өзара 2 түрге бөлінеді:

1. Абсолюттік кедейшілік — индивидтің өзінің табысымен тамаққа, баспанаға, киімге, жылуға деген негізгі сұраныстарын қанағаттандыруға қабілетсіздігін, болмаса тек қана биологиялық өмір сүруін қамтамасыз ететін минималдық сұраныстарын ғана қанағаттандыруға мүмкіндігі бар екенін сипаттайды. Абсолюттік кедейшілік сандық көрсеткіші кедейлік табалдырығы болып есептеледі.

2. Салыстырмалы кедейшілік — басқа адамдарға қарағанда қаншалықты кедей адам екенін көрсетеді. Бұл жерде екі түрлі мағына беріледі: біріншіден, салыстырмалы кедейшілік, ол қоғамдағы сол топтағы адамның басқа кедей саналмайтын топтағы адамдардың жетістіктерімен салыстырғанда қаншалықты кедей екенін көрсетеді. Екіншіден, салыстырмалы кедейшілік адамның қоғамдағы өмір сүру стандарттарынан қаншалықты кедей екенін көрсетеді. Салыстырмалы кедейшілік – бұл адамның өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайын және мүмкіндіктерін субъективтік бағалауы.

Кедейшіліктің қай түрін алып қарасақ та адамның қалыпты өміп сүру дағдысына әсерін тигізбей қоймайды. Ал қалыпты өмір сүруге қажетті жағдайлардың болмауы адамның күнделікті құқықтарының шектелуіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына және салауатты өмір салтын ұстанбауына алып келеді. Нәтижесінде олар отбасында дұрыс қарым-қатынас құра алмайды және олар қоғамдағы аномальды мінез-құлыққа бейімделген адамдар қатарын құрайды.

Ғылымда кедейліктің деңгейін анықтауға көмектесетін әр түрлі категориялар мен түсініктер бар. Ең көп қолданылатын категориялардың бірі — өмір сүру деңгейі категориясы. Өмір сүру деңгейі жалпы индикатор ретінде көрінеді. Өмір сүру деңгейі

дегеніміз тұрғындардың қажетті материалдық қажеттіліктер мен қызметтермен қамтамасыз етілуі, олардың қол жеткен тұтыну деңгейі және тиімді қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі.

Халықаралық деңгейде өмір сүру деңгейінің көрсеткіштер жүйесін құруға алғашқы талпыныстарды 1960ж БҰҰ-ң жұмыс тобы жасаған. Бүгінгі күнге дейін бұл көрсеткіш нақты жалақы индексімен анықталып отырған. БҰҰ 1978 ж осы өмір сүру көрсеткіштерінің соңғы нұсқаларын жасап шығарды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 наурызы Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдануымен ерекшеленеді. Еліміз БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Ұйымның жаңа мүшесі ретінде ғана емес, қазіргі заманның ең өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын мемлекет ретінде мүше болды, сонымен бірге онда өзінің лайықты орнын таба білді [2].

Қазіргі таңда бұл жүйені бүгінгі күнде біздің мемлекет те өз практикасында қолдануда. Оларды атап көрсететін болсақ 12 негізгі топты кіргізуге болады:

- туу, өлім және басқа да демографиялық сипаттамалар.
- өмір сүрудің санитарлық-гигиеналық жағдайлары.
- азық-түлік тауарларын тұтыну.
- тұрмыс жағдайы.
- білім және мәдениет.
- еңбек жағдайлары мен еңбекпен қамту мәселелері
- халық табысы мен шығыны
- өмір құны мен тұтыну бағалары.
- көлік мәселесі.
- демалысты ұйымдастыру
- әлеуметтік қамсыздандыру
- тұлға бостандығы[3].

Статистикалық агенттіктің зерттеу деректері бойынша, республикадағы 2016 жылғы табыс деңгейі күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың ең көп үлесі Оңтүстік Қазақстанға (5,2%) және ең аз үлесі Астана, Алматы қалалары (0,7%) тиесілі болып отыр.

Әр өңірдің өзіне тән кедейшілік түрлері бар. Атап айтар болсам, Оңтүстік өңірлердегі кедейлік мәселесі халықтың едәуір бөлігі төмен табыстарға ие болуымен байланысты және кедей халықтың санаты қатарында қалып қою мүмкіндігі жоқ емес.

Ал елдің солтүстік өңірлеріндегі кедейшілік баспаның қолжетімсіздігінен, азық-түліктің қымбат болуы себепті деген қорытынды шығаруымызға болады.

Осы ретте, ауылдық кедейліктің неғұрлым айқын көрінісімен барлық облыстарда көрініс табуда. Осы уақытқа дейін ауылдық кедейлік едәуір жоғары деңгейде сақталып отыр. Ауылдық кедейлік көрінісі келесі факторлармен және проблемалармен негізделген:

- ауылдық отбасылардың көп балалылығы, сондықтан да жоғары асыраушылық жүктемемен;
- халықтың ауылдық өңірлерден (әсіресе жастардың) ірі қалаларға көшіп-қонуы (жұмысқа тұру мүмкіндігінің жетіспеушілігінен және еңбекақының төмен деңгейінен, сонымен қатар кәсіптік оқыту жүйесіне қол жеткізу мүмкіндігінің болмауынан туындайды);
- ауылдық жерлердегі жеке меншік секторының әлсіз дамуынан, нашарланған әлсіз инфрақұрылыммен және нарық пен қаржыға шығу мүмкіндігінің қиындығынан халық көбінесе қарыз және несие алу үшін бастапқы қаржының болмау себебінен өз кәсіптерін бастай алмауымен.

Елде қазіргі кезеңде кедейшілік деңгейін төмендету және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті азайту мақсатында жүргізіліп отырған әлеуметтік саясаттың орны ерекше.

Кедейшіліктің бірден- бір себебі – жұмыссыздық болып табылады. Осы орайда, «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы аясында мыңдаған адам жұмыспен қамтылды.

Жұмыспен қамту 2020 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған мемлекеттік бағдарлама. Бағдарламаның мақсаты - жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табысын арттыру.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды жұмыспен нәтижелі қамтылуға тарту;
- Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін кадр әлеуетін дамыту;
- Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.

Бағдарламаны жүзеге асыру 3 кезеңнен тұрады:

- 1 кезең – 2011 (пилоттық)
- 2 кезең – 2012 – 2015 жылда
- 3 кезең – 2016 – 2020 жылдар

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында көзделген міндеттерді іске асыру барысында 2016 жылы бағдарламамен 1,5 млн. дейін адам қамтылды, кедейлік деңгейі 8,2 %-дан 6 %-ға төмендейді, жұмыссыздық деңгейі 5,5 % аспайтын болады, жұмыспен қамтылған халық құрамындағы өз бетінше жұмыспен айналысушылардың үлесі 33,3 %-дан 26 %-ға төмендеді.

Қорыта келе, кедейшілік қай қоғамның болсын өзекті мәселесіне айналып отырғаны белгілі. Біздің еліміздегі кедейлік тікелей халықтың әлеуметтік-экономикалық , саяси , медициналық-психологиялық жағдайына байланысты.

Әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, кедейлікті төмендету процесіне маңыздысы-кедейшілікпен күресу саясатында нақты мақсат қоя білу болып табылады. Сонымен қатар, кедейшілік мәселесін толықтай жоймаса да, белгілі деңгейде өз үлесін тигізеді деген ойда бірнеше шешу жолдарын қарастырып өтейін:

- Кіші несиелендіру бағдарламасын дамыту
- Орта және шағын бизнесті қолдау, дамыту
- Білім, денсаулық сақтауда қолжетімді жағдай жасау және қоршаған орта проблемасын шешу
- Аймақтық кедейшілікпен күрес бағдарламасын құру
- Жалықыны жоғарылату
- Жаңа жұмыс орындарын ашу және т.б

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://bigox.kz/kedeylik-tusinigi-zhane-ony-zertteu-bagyttary/>
2. Цели ООН в области развития на пороге тысячелетия в Казахстане 2002. – Алматы: Taimas Print House, 2002.
3. «Жұмыспен қамту-2020»бағдарламасы